


## Көкшетау қаласы №19ЖОББМ

Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларымен мектепке дайындығын, мектепке жетілгендігін, балалардың нәзік қимыл әрекеттерінің үйлесімділігі, үлгі бойынша тапсырманы орындай алатындығын анықтау оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау мақсатында Керн- Йирасек тестісі алынды. Тестке 134 оқушы қатысты.

Сынақ қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады. Мектепке психологиялық дайындығы әліде болса жеткіліксіз болған оқушылардың ата-аналарына сынып жетекшілер тарапынан кеңес берілді. Кеңесте балаларының күн тәртібін ұйымдастырып, білімге деген құштарлығын ояту туралы бірнеше ұсыныстар берілді.

Әдістеме алу барысында оқушылардың көңіл күйлері жақсы болды. Әдістеме нәтижесі төмендегідей:



Мектепке дайындығы жоғары деңгейде\_ 103оқушы –(77%,) мектепке дайындығы шартты, орташа деңгейде 27оқушы –(20%), мектепке шартты дайын емес 4 оқушы-(1%) көрсетті. 1 сынып оқушылары мектепке дайын. Сыныпта мектепке дайындығы төмен оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Диагностиканың нәтижесі бойынша ата-аналарға кеңес берілді. Тестің нәтижесі бойынша ата-аналарға барлығы 7 жеке кеңес берілді.Сынып жетекшілері де диагностиканың нәтижесімен таныстырылды және оларға ұсыныстар берілді:

1. Ойын және оқу іс-әрекетінің үйлесімі. Ойындардан біртіндеп көшу-қызықты ойындар арқылы оқу-танымдық іс-әрекетке көшу.
- 2.Ойындар мен жаттығулардың міндеттері мен жағдайларын кезең-кезеңмен, өлшенген, сараланған күрделендіру.
3. Оқу және тәрбиелік әсерлерде қайшылықтарды болдырмау. Барлық балалардың шығармашылық әлеуетін және әрқайсысының жеке мүмкіндіктерін дамыту.

Педагог-психолог: С.Б.Бейсембаева

